



**«№31 Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**2023 жылы 29 тамыз күні
педагогикалық кеңесте талқыланды**

**ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ТАРАУЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРАЛАТЫН
НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

I. Кіріспе

II. 2023-2024 жаңа оқу жылының міндеттері

- Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын іске асыру.
- Мөлтек аудандағы мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізу.
- Оқушылар қозғалысының есебін жүргізу.
- Мектеп бітірушілердің қозғалысын бақылау.
- Тамыз есебін жасау.
- Оқушылардың, мұғалімдердің дәрігерлік байқаудан өтуі.
- Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету.
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларының есебін алу, демеушілік ұйымдастыру.
- 2022-2023 оқу жылының қорытындысын жасау.
- Мектепте оқыту нысанын таңдау және BilimLand, Online.mektep оқу платформалары бойынша оқытуды жүзеге асыру туралы
- Оқу барысында оқушылардың, мұғалімдердің жеке іс - қағаздарының талапқа сай жүргізілуін бақылау.

III. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру

- Жаңа оқу жылына жүйелі дайындық жұмыстарын жүргізу
- Мұғалімдердің білімдерін шыңдау
- Пәндік олимпиадаларға жүйелі дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.
- Факультативтік, үйірме сабақтардың, курстардың жүргізілуі.
- Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жандандыру.
- Оқушылардың ғылыми қоғамы
- Бағдарлы сыныптарда бағдаралды дайындық шараларын жасау.

- Оқушылардың интеллектуалдық конкурстарға қатысуын ұйымдастыру.
- Пән бірлестіктерінің жұмыстарының нәтижеге бағытталуы.
- Облыстық, республикалық білім ұйымдарымен, қорлармен т.б. байланыс жасау.

IV. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру

- Азаматтық – патриоттық, құқықтық, және полимәдениеттік , рухани – адамгершілік, отбасы, өзін - өзі дамыту, әлеуметтік, коммуникативті мәдениет, , экологиялық , эстетикалық, дене тәрбиесі және салауатты қалыптастыру, еңбек және экономикалық, кәсіби – шығармашылық, интеллектуалды мәдениетті даму тәрбиесі.
- Ата-аналармен жұмыс жүргізу.
- Оқу барысында психологиялық тұрғыдан ата-аналар мен оқушыларды қолдау.
- Оқу барысында оқушылармен жүргізілетін жұмыс.
- Қыз балалармен жүргізілетін жұмыс.
- Ер балалармен жүргізілетін жұмыс.
- «Жас ұлан» бірлестігінің жұмысы.
- Клубтар мен қоғамдық ұйымдардың жұмыстары.
- Мектепшілік тәрбиелік шаралар.
- Сынып жетекшілермен жүйелі жұмыс жүргізу.

V. Педагог кадрлармен жүргізілетін жұмыс

- Педагогикалық кеңес өткізу
- Мұғалімдердің платформалармен жұмыс істеу дағдыларының жетілдіру
- Директор жанындағы кеңес
- тамыз конференциясына онлайн және офлайн форматта мұғалімдерді қатыстыру
- әдістемелік кеңес
- жас мамандармен жұмыс тәлімгерлер тағайындау
- шығармашылық топтың жұмысы
- жетекші мектеп жоспары
- педагог кадрлардың білімін жетілдіру
- педагог кадрларды аттестациялау
- педагогикалық оқулар ұйымдастыру
- мұғалімдердің сапалық құрамын анықтау

- түрлі деңгейдегі байқаулар, сайыстарға, т.б. қатысу.

VI. Мектепшілік бақылау

- оқу жоспарлары мен бағдарламалардың орындалуы
- құжаттардың жүргізілуі
- оқу пәндерінің берілуі
- оқушылардың білім сапасы
- мұғалімдердің кәсіптік деңгейі
- сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі
- мектеп кітапханасының жұмысы
- оқулықтардың сақталуы
- санитарлық-гигиеналық талаптың сақталу жағдайы

VII. Мектептің материалдық – техникалық базасын дамыту

- мектепті жаңа оқу жылына дайындау
- материалдық – техникалық базаны толықтыру
- қысқа дайындық жұмыстары
- мектеп мүліктеріне есеп жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету
- мектеп ауласын көгалдандыру, көркейту жұмыстары
- ағымдағы және күрделі жөндеу құжаттарын дайындау
- оқу кабинеттері мен бөлмелердің оқу материалдық базасын жетілдіру
- зертханалық, сарамандық жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау

VIII. Бағдарлы оқыту бойынша атқарылатын жұмыстар.

IX. 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында жүргізілетін жұмыстар, ата – аналармен жүргізілетін жұмыс.

X. Мектептегі білім сапасын басқару мен бақылау.

І бөлім

2022 - 2023 оқу жылының қорытындысы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жетілдірудің басты міндеті – білім берудің қазіргі заманғы сапасы қамтамасыз ету және білім беру жүйесінің барлық құраушыларын жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті әрі болашақ сұраныстарына сәйкестікке келтіру болып табылады.

Мемлекеттің білім беру саласындағы саясатының басты бағыты – шығармашыл, сыни тұрғыда ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік мәселелерді өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау және оқу – тәрбие үрдісінің тәжірибесін жетілдіру. Бұл жұмыстар кең көлемде жүргізілуде. Атап айтсақ, олар: оқудың мазмұнын жаңарту дидактикалық жетістіктерді білім беру тиімділігін арттыру мақсатында пайдалану, ғылыми негізделген жаңа идеялар мен технологияларды қолдану жолдарын табуды қамтиды. Осыған байланысты жалпы білім беретін мектептерде оқудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 2022 – 2023 оқу жылына арнаған жұмыс жоспарының орындалуы және оған педагогикалық талдау мен жылдық қорытындылар.

Қоғамдағы қазіргі кезеңдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің басты мақсаты – білім алып, білік пен дағды – машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынды өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды. Білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыру, жаңа буын оқулықтарын оқыту үрдісіне енгізу тәрізді келелі мәселелер ұстаздарға шеберлік пен іскерлікті, кәсіби дайындығының сапасын өсіру мен дамыту міндеттерін қойып отыр. Осындай міндеттерді жүзеге асыру жолында мектебіміз «Нәтижеге бағытталған білім беруде оқу үрдісіне педагогикалық технологияларды ендіру» мәселелік тақырыбы аясында жұмыс жасап келеді.

Білім беру ұйымындағы қашықтан оқыту жүйесі тиімді жұмыс істеуі үшін оған кешенді тұрғыдан келу керек. Білім беру процесінің мүшелері арасындағы байланысты визуалдандыру қашықтан оқыту моделі бойынша ұсынылған.

қашықтан оқытудың барлық бағытын іске асыру әкімшіліктен бір реттік, сондай-ақ перманентті міндеттерді жедел шешуді талап етеді:

1. Бірыңғай директивалар болмаған кезде жедел шешім қабылдау. Үлкен ақпараттар ағынында бірыңғай регламенттің, қарама-қайшылықтың жоқтығы. Процеске қатысушылардың пікірімен танысқан соң өзінің нақты регламентін жасау.

2. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру. Сабақ кестесін өзгерту, «педагог–сынып жетекшісі–директордың орынбасары» жүйесіндегі қарым-қатынасты реттеу, сыныптан тыс іс-шаралар өткізу.

3. Ұжымдағы тұрақтылықты сақтау және педагогтердің цифрлық ресурстағы навигациясы. Педагогтерді кәсіби қиындықтарды жеңуге ынталандыру, психологиялық қолдау әрі оқушылар мен ата-аналардың психологиялық тыныштығын трансляциялау.

4. Ата-аналармен әрекеттестік. Ата-аналармен жедел байланыс арнасын ашу, қоғам үшін ашықтықты сақтау, бұл ретте педагогтердің жеке кеңістігін қорғауды қамтамасыз ету.

5. Өсу нүктесі ретінде жағдайды қабылдау, жаңа оқу жылын жоспарлау. Мектепті дамытудың тәжірибесін барынша қолдану.

2022-2023 оқу жылында №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде 100 мұғалім, 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог 1 ұйымдастырушы- педагог, 1 дефектолог, 1 жабдықтау жөніндегі инженер оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында жұмыс жасады.

Мұғалімдердің сапалық құрамы жайлы мәліметтер.

р/с	Мұғалімдердің білім сапасы			Біліктілігі			
	Жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған жоғары	Жоғары	I	II	
1	98	2	-	0	0	0	

р/с	Мұғалімдердің білім сапасы			Біліктілігі			
	Жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған жоғары	Педагог зерттеуші	Сарапшы	Педагог модератор	Санатсыздар
1	98	2	-	11	29	31	29


2022 -2023 оқу жылындағы оқушылар қозғалысы

Сыныптар	Жыл басында	Жыл соңында
1 – 4	342	337
5 – 9	386	386
10 – 11	129	135
Барлығы	857	858

Жалпыға бірдей міндетті оқу заңы талабын орындау мақсатында тамыз есебі жүргізіліп, жас бойынша балалар тізімі алынды. Тоқсан көлемінде оқушылар қозғалысы қадағаланып, келген –кеткен оқушылар есепке тіркелді. Оқушылардың жеке іс қағаздары жүргізіліп, мақтау қағаздары, табельдері тіркеліп отырылды. Бірінші сыныпқа оқушылар жасына сәйкес mekter.sitsen.kz электронды порталы арқылы қабылданды.

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспарында көрсетілген жұмыстар орындалды. Тоқсан сайын білім сапасы мониторингі жасалып, талдау - сараптау жүргізу, нәтижесін педагогикалық кеңестерде талқылау іске асырылды.

Жылдық қорытынды бойынша сыныптардың білім сапасы көрсеткіші



Педагогикалық кеңесте мектептің жылдық және даму жоспары, әдістемелік бірлестіктердің қызметі, таңдау, қолданбалы курстар жоспарлары, үйірме сағаттарын бекіту, мұғалімдердің шығармашылық есептері, санитарлық – гигиеналық жағдай, оқушыларды емтиханға жіберу, сыныптан – сыныпқа көшіру, негізгі және орта мектепті бітіру туралы куәлік, аттестат беру, марапаттау секілді маңызды шешімдер қабылданды.

Мектепшілік іс – шаралар мен іс - әрекеттердің өзара байланысты жүйесі ретінде мектептің әдістемелік жұмысы білім беру үрдісінің сапасы мен әрбір мұғалімнің біліктілігін көтеруге бағытталған.

Жыл басындағы педагогикалық кеңестер бекітілген жоспарға сәйкес әдістемелік кеңестің жыл бойы 5 отырысы жоспар бойынша өткізілді. Онда мұғалімдердің шығармашылық бағыттағы іс – тәжірибесімен бөлісу мақсатында «Білім беру технологияларын пайдалану тиімділігі және оның оқушылардың даму деңгейіне ықпалы» , «Бөлімдік және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарындағы қатемен жұмыс істеудің тиімді түрлері» , «Әдебиеттік оқу» , шет тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу сауаттылығын арттыру жұмыстары», «Бастауыш сыныптарда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыптарындағы әдістемелік баяндамалар , ҰБТ – дің жаңа форматына дайындық жұмыстары жайлы, ағымдағы және тоқсандық жазба жұмыстарының қорытындылары сараланып, білім сапасын көтеру жолдары бірігіп қарастырылды.

Мектепте 7 пән бірлестігі жұмыс жасады.

1. Тіл және әдебиет (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) Бірлестік жетекшісі Б.Ордашова
2. Математика және информатика (математика, информатика) Бірлестік жетекшісі Мұсақызы Айткуль
3. Жаратылыстану (Физика, химия, биология, география) Бірлестік жетекшісі Керімбердиева Нурила
4. Адам және Қоғам (Тарих, құқық) Бірлестік жетекшісі Жумагулов Бақытжан
5. Көркем еңбек Бірлестік жетекшісі Ж.Туребеков
6. Дене шынықтыру Бірлестік жетекшісі К.Құдайбергенов
7. Бастауыш Бірлестік жетекшісі Ж.Жузеева

Оларға мұғалімдер пәндерге сәйкес біріктірілген. Әдістемелік бірлестігінің жұмыстары, оның жыл басында бекітілген жоспарының орындалуы қадағаланып келді. Оларда қаралған мәселелердің өзектілігі мен мектеп үшін тиімділігі басты назарда ұсталып, құжаттары жинақталды.

Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Осы бағытта мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіру жұмысына ерекше мән беріледі.

Өз білімін жетілдіру бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім бағдарламасы бойынша А.Бектегенова, П.Дүйсенова, Б.Нурханов, С.Акишевтар курстан өтіп білімдерін жетілдірді.

Мектеп бойынша 24 сынып бөлмесі: 5-еуі ақылы негізде, 21-і ақысыз жұмыс жасайды. Пән кабинеттері қажетті көрнекіліктермен, техникалық құралдармен толықтай жабдықталмаған, толықтыруды қажет етеді.

Мектепте ҰБТ – ға дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Ата – аналармен, пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілермен байланыста болып, оқушылардан байқау сынақ тестері алынып, қорытындысы бойынша жұмыстар жүргізілді. Сондай – ақ оқушылардың психологиялық тұрғыдан дайын болуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп базасында байқау сынақтары алынды.

Бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ – ға дайындық жүргізу үшін іс – шаралар түзіліп, кесте бойынша пән мұғалімдері қосымша сабақтар өткізді. Биылғы бітіруші 11 сыныпта 58 оқушы, олардың 41-і ҰБТ-ға қатысуға өтініш берді. Мектепте өткізілген тест нәтижелерінің орташа балы - 70% - ды құрады.

2022 – 2023 оқу жылында 11 сынып оқушыларының ҰБТ бойынша қорытындысы төмендегіше нәтиже көрсетті: жалпы 41 оқушы қатысты, орта балы - 65,0. Жоғары балл: 119 балл Мақсұт Дінмұхаммед

Мемлекеттік грант иегерлері 13 оқушы. Олар Рабдалі Н, Сүгірбай Н, Анаркүл Е, Талғат Ұ, Әбрайым А, Қожабай Г, Құдайберген Қ, Мақсұт Д, Тасболат С, Тамабай М, Жолдасалы А, Алтынбек Е. Шүкірәлі Қ

к\с	Қазақстан тарихы		Математикалық сауаттылық		Оқу сауаттылығы		Биология		Математика		Физика		География		Д.тарихы		Ағылшын тілі		Химия	
1	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы	Оқушы саны	Орта балы
2	41	15,3	41	12	41	17,4	14	23	5	28,0	6	29,4	9	21,8	2	22	1	18	4	22

Мектепте 72 оқушы 9 – сыныпты бітірді. Оқушылар мемлекеттік емтихандар тапсырып, емтихан нәтижелерінің қорытындысы бойынша аттестаттар берілді. 9 – сыныптан 9 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсті.

Сыныптан – сыныпқа көшу, мемлекеттік емтихан қорытындылары шығарылып, мониторинг жасалынды.

Мектеп - әдістемелік жұмыстарының негізгі орталығы. Кез келген педагогикалық іс - әрекет дұрыс орындалуы үшін тура байланыс пен кері байланыс та ойдағыдай жүзеге асырылуы керек. Ал кері байланыстың ең ықпалды түрі – бақылау. Бақылау – мұғалімге көмек беру деген сөз.

Мектеп жұмысын басқару, мектепшілік бақылау ұйымдастыру аса күрделі де сан – салалы мәселе. Мектеп әкімшілігі өзінің басқарушылық білім мен шеберлігін, бірлігі, әдіс – тәсілдерін игеру, ұйымдастырушылық қабілетін дамыту жолында біраз жұмыстар атқарады. Мектеп әкімшілігі арасында еңбек бөлінісі мен міндеттерін нақты айқындау ісі жүргізіліп, әрбір сабақтастықты сақтау жолдарын анықтады. Мектепшілік бақылау жыл бойы барлық пәндер бойынша жүргізілді. Сол жүргізілген бақылау деректемелері негізінде төмендегідей кемшіліктер байқалды:

1. Кейбір мұғалімдер мамандық – кәсіптік деңгейінің төмендігін;
2. Үйірме, тандау курстарының өз деңгейінде жүргізілмеуін;
3. Оқушылар білімдерін объективті бағаламаушылықты;
4. Оқу үрдісін ұйымдастыруда мұғалімдердің оқушылардың нақты қызығушылықтарын ескермеуін;
6. Дәстүрлі сабақ жүйесінің тиімсіздігін, педагогикалық жүйеге жаңа технологиялық бағыттылықты енгізудің керектігін т.б.

Жаңа оқу жылында мектепшілік бақылау жоғарыда аталған кемшіліктерді жою бағытындағы жұмыстарды басты нысанаға алып отыр.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау - педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Педагогтарды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығымен бекітілген бұйрығына сәйкес Мектептен

10 мұғалім онлайн өтініш жазып, біліктілік тестінен 5 мұғалім өтіп, 2 педагог- зерттеуші, 1 педагог - сарапшы, 2 педагог- модератор біліктілігін алды.

Аудандық білім бөлімі білім қызметкерлерінің еңбегін бағалау, жұмыс нәтижелері бойынша ынталандыру, марапаттау мақсатында рейтинг жүйесінің үлгі жобасын ұсынған болатын. Үлгі – жоба барлық пән әдіс бірлестігі отырыстарында талқыланып, қолдауға ие болды. Рейтингі мұғалімнің өзін - өзі бағалауынан, әдістемелік бірлестік жетекшісінің бағалауынан, мектеп әкімшілігі бағалауынан тұрды. Бағалау қорытындысынан мұғалім рейтингісі шықты. Рейтингі қорытындысы бойынша төмендегі пән мұғалімдер жоғары балл жинады:

1. Ордашова Б –қазақ тілі пәнінің мұғалімі
2. Жүзеева Ж - бастауыш сынып мұғалімі
3. Парманова Ж – физика пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 24 қыркүйек 2002 жылғы №693 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жалпы орта білім беретін мектептің жоғары сатысында бағдарлы оқыту қарастырылған.

Бейінді бағдарлы оқыту оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқу болғандықтан 9 сынып оқушыларының кәсіби деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Қорытынды нәтижесінде оқушылардың тұлғалық бейімділігі, қабілеттері мен мүмкіндіктерінің кәсіби ой – мұраттарына сәйкестігімен 9 – сыныпты бітіруші 72 оқушының 29 –ы жаратылыстану – математикалық бағытын, 31 қоғамдық – гуманитарлық бағытын, арнаулы орта оқу орнын 12оқушы таңдағаны анықталды.

2022– 2023 оқу жылында жаратылыстану – математикалық бағытты 11 сыныпта – 29 оқушы, қоғамдық – гуманитарлық бағытын 29 оқушы таңдады, жоғарыдағы бағдарға сәйкес типтік оқу жоспарының вариативті бөлігінен қолданбалы және таңдау курстарының бағдарламалары жасалынып, оқушы сұранысына сәйкес оқытылды.

2022 – 2023 оқу жылында мектепте оқытылған қолданбалы білім курстарының атауы:

№	Курстың тақырыбы	Сыныбы	Пән мұғалімі
1	Жаһандық күзіреттілік	5	Арапова А
2	Эксперименттік есептер	11	Парманова Ж
3	Әлемдік география	11	Нарбаев Ж
4	Математикалық логика	11	Мұсақызы А
5	Химиялық есептер	10\11	Абдикаримова Ж
6	Химия және экология	11	Абдикаримова Ж

7	Экология	6	Керимбердиева Н
8	Генетика негіздері	10	Лесов Е
9	Жас сарбаз	10	Карсыбаев А
10	Медиасауаттылық	8	Пернебай А
11	Робототехника	8	Қалдыбай Ж

Сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 1 – 11 сыныптар аралығында мамандыққа байланысты, мамандықтың қыр-сырын түсіндіру мақсатында іс-шара өтті.

«Дарын» ОҒҚ-ның мүшелері және секция жетекшілерімен жыл басында жүйелі жұмыстар атқарылып, мектепте түрлі іс – шаралар өткізілді. Сонымен қатар аудандық жарыстарға, байқауларға қатысып, оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Облыстық «Алтын Қыран» интеллектуалдық марафон олимпиадасына қатысып, 6 оқушы жүлделі орындар алды.

Мектеп оқушыларының пәндік олимпиадаларға қатысу көрсеткіші:

Оқу жылы	Олимпиада деңгейі	Қатысқан оқушы саны	Нәтижесі			
			I орын	II орын	III орын	Алғыс хат
2020 – 2021	Аудандық	14	1	1	2	4
	облыстық	-	-	-	-	-
2021 – 2022	Аудандық	20	-	5	4	5
	облыстық	2			1	
2022-2023	Аудандық	16	1	5	5	4
	облыстық	5		3	1	

Интеллектуалдық марафондарға қатысу көрсеткіші

Жалпы мектепте беріліп жатқан курстардың мазмұнды берілуі, оқушылардан ғылыми негізде алынатын олимпиадалардан, ғылыми жобалардан, жоғары нәтижелерге жетуі болып табылады. Жыл басынан бері оқушылар түрлі интеллектуалдық марафондарға зор қызығушылықпен қатысып жүлделі орындарға ие болды.

№	Интеллектуалдық ойындар	Қатысу саны	Жүлделі орындар
1	Зерде зерттеу жобалары	2	1
2	Русский медвежонок	1	1
3	Алтын сақа	4	4
4	Ақ желкен	-	-
5	Золотое руно	-	-
	British Bulldog	-	-

Мектепте бағдарлы сынып оқушылары барлық пәндер бойынша оқулықпен 100 пайыз қамтылған.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында нақтыланған 12 бағыты болашақ ұрпақты бәсекеге қабілетті ел ұланы етіп өсіру мақсатындағы сұранысты қанағаттандыратын мемлекеттік құжат. Бағдарламадағы тәрбие түрлері бір – бірімен тығыз байланысты әрі кешенді сипатта жүзеге асырылады.

Мектебімізде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдерінен полиция қызметкерлеріне көмек ретінде арнайы жасақ тобы құрылып, жыл көлемінде ата – аналар құқық бұзушылық және қылмысқа қарсы күрес айлықтары болып өтті. Аудандық ІІБ-нің КТІЖБ-де тәртіп бұзушылық пен қылмысы үшін есепте тұрған оқушы жоқ.

Әрбір жеке тұлғаның өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, зиянды заттарды қолданудан бас тартуына және салауатты өмір салтын ұсынуына ықпал ету мақсатында, оқушылардың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейту, өмір жайлы түсініктерін қалыптастыруға, дарынды, жігерлі, батыл оқушылардың өзін - өзі көрсетуіне, ерік – жігерін шыңдауға бағытталған түрлі шаралар өткізуде сынып жетекшілердің өзіндік үлесі бар.

Тәрбие үрдісін басқару, сынып жетекші болу – күрделі іс. Сынып ұжымын ұйымдастыру және дамыту, оқушы тұлғасын қалыптастыру – сынып жетекшінің тікелей міндеті.

2022-2023 оқу жылында сынып жетекшілер бірлестігінің – 37 мүшесі бірлесіп жұмыс жасады.. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді мамандар.

Мектептегі тәрбие жұмысының өткен оқу жылындағы негізгі мақсаттарының бірі – оқу – тәрбие әрекетінде өз Отанын сүйіп, құрметтейтін, өзара қарым – қатынас жасай білетін, өзін -өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына

жете алатын, адамгершілік құндылықтары мен қажеттіліктерін қоғам талаптарымен үйлестіре алатын құзырлы тұлға қалыптастыру болды.

№31 Ш.Уәлиханов жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік бағытына тоқталсақ тұл жетім бала жоқ, жартылай жетім бала 36, 1 оқушы денсаулығына байланысты үйде оқытылды және денсаулығына байланысты 6 бала арнайы есепте тұрды.Сенім хатпен оқитын оқышылар жоқ. Қала сыртындағы лагерлерге 39 оқушы демалып қайтты. Атаулы әлеуметтік көмек алатын 40 оқушының ата-аналарының есеп шоттарына 40560 теңгеден мектеп формасы үшін ақша түсті. Тұрмысы төмен, көп балалы отбасы оқушыларына мектеп әкімшілігі оқу жылы барысында оқушылар мен олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болды.Оқушыларға жан-жақты көмек берілді. "Мектепке жол"акциясы аясында кәсіподақ тарапынан 3 оқушыға мектеп формасы және 4 оқушыға демеушілер тарапынан мектеп формасы берілді.1 оқушыға Аманат партиясы тарапынан 1 оқушыға мектеп формасы берілді. Өгей ата-анамен 8 оқушы білім алды. Арнайы мәртебедегі оқушылармен тығыз байланыста болып, тыныс тіршілігінен хабардар болып отырдық.

II бөлім

2023-2024 жаңа оқу жылының міндеттері

Мектепте 2023-2024 оқу жылында атқарылған оқу – тәрбие жұмыстарына жасалған талдаулар негізінде 2023 – 2024 оқу жылына басым бағыттар белгіленіп, оны орындау мақсатында төмендегідей міндеттерді қадағалаймыз:

- Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
- Білім беру сапасын арттыру мақсатында пән сабақтарында интерактивті оқыту технологияларын кеңінен пайдалану;
- ҰБТ орталығын құру, білім сапасының орта балын көтеру бағытындағы жүйелеу, үздіксіздендіру, нәтижеге бағыттау;
- Мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;
- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;
- «Дарынды» оқушылардың шығармашылық тобының жұмысын жетілдіру;
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету, өзара кәсіби бәсекелестік орнату;
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Мұғалімдердің оқушылар білімдерін бағалауда объективтік принципін ұстауға бағыттау;
- Жеке оқушымен жұмысты жетілдіру жолдарын қарастыру;
- Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарының деңгейін көтеру;
- Математика, физика пәндерін оқушылардың үлгірім көрсеткіштерін көтеру, математика, физика және орыс тілі пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттыру;
- Сынып журналдарының дұрыс жүргізілуіне семинар, оқулар ұйымдастыруды қолға алу
- Мұғалімдерді зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу, ынталандыру.
- Оқушыларды бейінді оқыту жағдайында бағдары кәсіби ағартушылық, кәсіби насихат және кеңес беру мақсатындағы мазмұнды іс – шараларды жүргізу;
- Оқушыларды даралап және саралап оқытуда жаңа технологиялармен жүргізетін жұмыстарды жандандыру;
- Элективті курстарды оқушы сұранысына сай мазмұнды жүргізу;
- Бейінді оқыту жұмыстарын ұйымдастыруда сынып жетекшілерімен жүргізілетін жұмыстарды күшейту;

- ҰТБ-ға жан – жақты дайындық жүргізу;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне ықпал ететін интеллектуалдық шараларды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- Сынып жетекшілерінің жеке оқушылармен, тәрбие деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарын ерекше бақылауға алу;
- Қолайсыз отбасыларды жете анықтап, ауыл әкімшілігімен, ата – аналар комитетімен бірлесе жұмыс жүргізу;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық секциялар жұмысын жандандыру;
- Ата – аналар, ауыл жұртшылығымен ынтымақтастықты нығайту;
- Балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс шараларды көбейту, сапасын арттыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы жұмысты жетілдіру.

II бөлім
2023-2024 оқу жылындағы
мектептің жұмыс жоспары

Оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыру

№	Іс-шара	Мерзімдері	Қайда қаралады	Жауаптылар
1.	Әкімшілік кеңестер өткізу Өткен жылғы жұмысты және жаңа оқу жылына арналған міндеттерді талдау	Әр дүйсенбі	Әкімшілік жиналыста	Мектеп әкімшілігі
	Мектеп әкімшілігінің, тех қызметкерлердің, өзге де қызметкерлердің, кезекшілік кестесін жасау және бекіту	Тамыз		Мектеп әкімшілігі
	2023-2024 оқу жылының қорытындысы. Жаңа оқу оқыту бойынша мақсаты мен міндеттері. «Тамыз педкеңесін» ұйымдастыру және өткізу	Тамыз	Педагогикалық кеңесте	Мектеп әкімшілігі
	1-ші сыныпқа оқушыларды Egov.kz және mektep.snation.kz арқылы түскен өтініш бойынша қабылдау. Жеке істерін ресімдеу, бұйрық жасау	Сәуір-тамыз		Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Сакибекова
	Тарифтеуге дайындық: педагогикалық жүктемені бөлу, штат кестесін жасау, тарифтеу бойынша бұйрықтар	Тамыз	Педагогикалық кеңес	Мектеп директоры А.Камбарова ДООЖО А.Дюсенова, М.Сакибекова
	Кітапхана қорының жай-күйі: оқулықтардың болуы және жай-күйі, оқушыларға оқулық беру	Тамыз	Әкімшілік жиналыста	Кітапхана меңгерушісі У.Айтжанова, А.Айымбетова
	Мектептің шағын ауданы аумағында тұратын 6-дан 18 жасқа дейінгі балаларды оқумен қамтудың толық тізімін нақтылау және жасау.	Тамыз		Директордың ОТІ жөніндегі орынбасарлары К.Усенов, Р.Есжанова
2.	Жетім балалардың, халықтың әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан балалардың, көпбалалы отбасы балаларының толық тізімін жасау, жаппай оқыту қоры мен бюджеттен тыс қаражат есебінен оларды кеңсе тауарларымен, киім-кешекпен, аяқ киіммен қамтамасыз ету шараларын қолдану	01.08.2023 дейін	Қамқоршылық кеңес отырысы	Директордың ДТІЖО К.Усенов, Р.Есжанова, әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова
	Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасылардың, көп балалы отбасы оқушыларының тізімін жасау.	01.08.2023 дейін	Қамқоршылық кеңес отырысы	Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова
	Сабақ кестесін құрып, бекіту.Kundelik.kz сабақ кестесін енгізу	Тамыз	Педагогикалық кеңес	Мектеп директоры А.Камбарова ДООЖО А.Дюсенова, М.Сакибекова

3.	«Мектепке жол» акциясын іске асыру бойынша жоспар құру және іс-шараларды ұйымдастыру	Жыл бойы		Директордың ДТІЖО К.Усенов,Р.Есжанова, әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова
	2023-2024 оқу жылының нормативтік құжаттардың талапқа сай орындалуы оқу бағдарламалары бойынша оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды,үйірме және факультатив жұмысының бағдарламаларын бекіту.	тамыз	Педагогикалық кеңес	Мектеп директоры А.Камбарова ДООЖО А.Дюсенова,М.Сакибекова, ДТІЖО К.Усенов,Р.Есжанова
4.	2023-2024 оқу жылында ұстаздарды, оқушыларды, ата-аналарды негізгі ережелер мен нұсқаулықпен таныстыру. Түрлі платформасымен жұмыс жасауға нұсқаулық беру.	Тамыз	Ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі
5.	Педагогикалық кеңес өткізу.	31.08.2023	Педагогикалық кеңес	Мектеп әкімшілігі,педагогтар.
6.	Сынып бойынша ата-аналар жиналыс өткізу.	Тамыз Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы	ДТІЖО К.Усенов,Р.Есжанова.Сынып жетекшілер.
7.	Педагогтар мен білім және ғылым саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің пленарлық отырысына қатысу.2023 -2024оқу жылының ерекшеліктері туралы	23.08.2023	Тамыз педкеңесі	
8.	Мектеп әкімшілігі тарапынан қажеттілікке орай жиындар, конференциялар өткізіп тұру.	Үнемі		Мектеп әкімшілігі,ӘБ жетекшілері.
9.	Мектепте 1 қыркүйек білім күнін өткізу	01.09.2023		Директордың ДТІЖО К.Усенов,Р.Есжанова.

Мектеп әкімшілігінің мүшелерінің өзара міндет бөлісуі
А. Камбарова – мектеп директоры

1. Білім беру ұйымын оның Жарғысына және басқа нормативтік құқықты актілерге сәйкес басқарады.
2. Қоғамдық ұйымдармен, оқу орнының кеңесімен бірлесіп, бағдарлама және оқі жоспарлары, оқу процесінің күнтізбе кестесін, ішкі тәртіп ережесін және т.б. нормативтік актілерді бекітеді.
3. Білім беру ұйымдарының басқару құрылымын, штаттық кестесін, лауазымдық міндеттерін бекітеді.
4. Білім беру қызметін лицензиясы бойынша құқығына сәйкес жүргізеді.
5. Оқушылар қатарын әлеуметтік қорғаныспен қамтамасыз етеді.
6. Әкімшілік ауданының учаскесіне бекітілген балаларды жалпы міндетті оқумен қамтамасыз етеді.
7. Әдістемелік бірлестіктер мен оқытушылар ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайды, заң бойынша рұқсат етілген жастар ұйымдарымен, соның ішінде балалардың қоғамдық жұмыстарын жүйелейді.
8. Жалпы тамақтандыру мен медициналық ұйымдардың жұмыстары үшін қажетті жағдайлар жасайды, оқушылардың, тәрбиешілер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында олардың жұмысын бақылайды.
9. Оқу, тәрбие беру процесінің әдістемелік қамтамасыз етілуін дамытады және ұйымдастырады.
10. Мекеменің қазынасы мен құралдарына билік жасайды және жыл сайын мекеменің кіріс және шығыс , қаржы және материалдық құралдарына есеп береді.
11. Қосымша қызметтегі педагогикалық кадрларды қарастырады және іріктейді, еңбек заңын, ішкі тәртіп ережесін, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін, біліктілдік талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Олардың кәсіптік шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды.
12. Педагогикалық кеңесті басқарады.
13. Білім мекемесінің мемлекеттік жалпы стандартты білімінің орындалуына жауап береді.
14. Директор жанындағы кеңес жұмысын жоспарлы өткізіп отыру.
15. Мектептегі психо-педагогикалық және моральдық ахуалды сақтау.
16. Уәкілетті басқару органдарымен келісім бойынша өз орынбасарларын тағайындау, қызметінен босату.
17. Сынып жетекшілерін тағайындау, қызметінен босату.
18. Мектеп атынан басқа мекемелермен , ұжымдармен және адамдармен мектеп үшін келісім-шарт жасау.
19. Мұғалімдерге педагогикалық сағат жүктемелерін бөліп беру.
20. Мектептің техникалық қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, шығару.
21. Мектеп кеңесінің шешімдерін Заңға қайшы келетін болса тоқтату шараларын жүргізу.

А. Дюсенова, М.Сакибекова – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары

1. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқу үрдісінің күнтізбелік кестесін, ішкі тәртіп ережесін әзірлейді, бекітуге ұсынады.
 2. Педагогикалық кадрлардың құрамын іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберліктерін арттыру үшін жағдай жасайды.
 3. Әдістемелік кеңесті басқарады.
 4. Оқушылар қозғалысы, сыныптардың сыйымдылығы мен оқушылардың орналасуы, білім сапасы жайлы қажетті есепті әзірлейді және ұсынуды қамтамасыз етеді.
 5. Озат тәжірибе зерттеп, жинақтау, тарату сапасын көтеру.
 6. Оқытуды, әсіресе сабақ берудің сапалық деңгейін көтеру.
 - А) Сабақтың дайындықпен, көрнекілікпен, сапалы өтілуін қатаң бақылау;
 - Б) Тиімді әдістерді қолдана отырып, сабақты қарқындата өтуді жолға қою;
 - В) Сабақ өнімділігін арттырып, «нәтижелілік» рейтингісімен жұмыс жүргізу.
- Оқушылардың жалпы білім сапасын көтеру:
- А) Білімді бағалауда негізгі нормативтердің дұрыс сақталуын қадағалау;
 - Б) Негізгі пәндерден білім сапасының мониторингісімен жұмыс жасау;
 - В) Барлық пәндер бойынша білім-білікті тақырыптық есепке алуға көшу.
7. Бар оқушыны білім стандарттары деңгейінде оқытуды қамтамасыз ету:
 - А) Оқытудың міндетті нәтижелерімен жұмыс жасауға толық көшу,
 - Б) Негізгі пәндер бойынша тоқсан сайын тестік тексеруді жолға қою;
 - В) Әр оқушы білімінің стандарт деңгейінен төмен болмауын қамтамасыз ету.
8. Мектепшілік оқу-әдістемелік кешен жасауды қолға алу:
 - А) Барлық кабинеттерді талапқа сай безендіріп, техникалық жабдықтау;
 - Б) Негізгі пәндер бойынша әр тоқсанда көрнекі құралдар көрмесін өткізу;
 - В) Әр сыныпта бар пәннен тақырыптық материалдар жинағын жасау.
9. Мұғалімдерді аттестациялауға даярлау, ұйымдастыру;
10. Алфавиттік кітаптың жүргізілуін қамтамасыз ету.
11. Босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналын жүргізу.
12. Негізгі мектеп бітіргендігі туралы куәліктерді беруді есепке алу кітабын жүргізу.
13. Жалпы орта білім туралы аттестат беруді есепке алу кітабын жүргізу.
14. Сыныптан тыс жүргізілетін пәндік жұмыстар сапасын арттыру.
 - А) Балалардың іс-шараларға көптеп, белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
 - Б) Үйірмелердің жоспарлы түрде, қызықты болып, тұрақты өтуін қадағалау.
15. 1-11 сынып оқушыларының жеке іс қағаздарының жинақталуын қадағалау.
16. Оқушылардың үлгерімі туралы табельдерінің жүргізілуін бақылау.

17. Мақтау қағазы мен грамота беруді есепке алу кітабын жүргізу.
18. Сынып журналдарының жүргізілуі, сақталуы.
19. Жұмыс тәртібін, оқу жоспарларының орындалуын, оқу бағдарламаларын, әр түрлі ағымда оқытудың нәтижелілігін бақылайды, мектептің 1-ші сатысы мен даярлық топтарында білім беру процесін реттеу шараларын қолданады;
20. Даярлық топтары мен бірінші сыныптарға қабылданатын балалардың құжаттарының толық жинақталуын қамтамасыз етеді.
21. Даярлық топтары мен бастауыш сыныптағы барлық пәндердің берілуін бақылау
22. Оқушылар дәптерлерінің тексерілуін бақылау

1. Мұғалімдердің кәсіби білім-біліктілігін арттыру сапасын жақсарту.
 - А) Мұғалімдердің кәсіби білімін түрлі сынақтар арқылы жиі бақылау;
 - Б) Мұғалімдердің кәсіби диагностикалық картасымен жұмыс жүргізу;
 - В) Жаңашылдық пен зерттеу жұмыстарына тиімді әдістемелік көмек беру.
2. Бейіндік және бейіналды оқыту жұмыстарын басқарады. Осы бағытта оқушылармен, ата-аналармен жан-жақты түсіндіру, кеңес беру қызметін көрсетеді.
3. МОК сағаттарын тиімді бөлінуін, пән мұғалімдерінің авторлық бағдарламаларының талап деңгейінде әзірленуіне әдістемелік көмек ұйымдастырады.
4. Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындау сапасын жақсарту:
5. Мектепшілік бақылаудың сапасы мен тиімділігін жақсарту:
 - А) Мектепшілік бақылаудың бағыттары мен жиілігін, сапасын арттыру;
 - Б) Мектепшілік бақылауды «сапалық» мониторинг әдісімен жүзеге асыру;
 - В) Нәтижелік рейтинг пен сапалық мониторингті тиімді ұштастыра жүргізу.
6. Оқушылардың гуманитарлық – шығармашылық сауаттылығын дамыту
 - А) Тесттік тексеру нәтижелерінің көрсеткіштерін 20 – 30 % ға жоғарлату
 - Б) Диктанттарда негізгі сауаттылық көрсеткіштерін бір саты көтеру
 - В) Оқушылардың 20 - 30 % талапқа сай шығарма жаза білуге жеткізу.
- 7 Мектептегі диагностикалық орталық жұмысын ұйымдастыру, басқару,
- 8 Жас мамандармен жұмыс
- 9 Дербес шығармашылық зертханалар жұмысын үйлестіру, бақылау.
- 10 Оқушылардың ғылыми орталығының жұмысын ұйымдастыру, басқару.
- 11 Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті шет тілі, тарих пәндерінің берілуін бақылау.
- 12 Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі пән кабинеттерінің жабдықталу барысы, әдістемелік көмек.
- 13 Физика, информатика, математика, биология, химия, география пәндерінің берілуі.

К.Усенов пен Р. Есжанова – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары

1. Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуына білім алушыларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс жоспарларын әзірлеуге, оның ұйымдастырылуын жаңаша тұрғыдан қамтамасыз етеді.
2. Тәрбие жұмысына педагогикалық талдау жасайды, тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбиелік іс-шараларды өткізу мен даярлау бойынша қажетті әдістемелік жұмыстарды үйлестіреді.
3. Тәрбие жұмысының мазмұнын, нысанын және әдістерін жетілдіреді, сынып жетекшілері мен үйірме жетекшілерінің педагогикалық шеберлігін арттыруға жәрдемдеседі.
4. Мектепшілік тәрбие жұмысының жүйелі жоспарын жасау.
5. Балалар құқығын іске асыруға ықпал етеді, мүддесі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз етеді.
6. Жетім, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар жұмысын заңнамалық актілер аясында үйлестіреді.
7. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.
8. Мектепті басқаруға қатысу, тәжірибелі, шығармашыл ұстаздарды сынып жетекшілігі, балалар бірлестігі жетекшілігі қызметіне ұсыну.
9. Оқушы тұлғасының тәрбиелік деңгейін айқындау
10. «Қауіпті топ» балаларын есепке алу, олармен жұмыс жүргізу.
11. Мектеп ережелері бекіткен балалар құқығын жүзеге асыру бойынша мектептің іс-шаралары міндеттерінің орындалуын қадағалау.
12. Оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алу, себепсіз қалған оқушылармен жұмыс жүргізу;
13. Мектепте қажетті санитарлық – гигиеналық жағдай жасау, кезекшілікті ұйымдастыру;
14. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастыру және жүргізу.
15. Сынып жетекшілер жайлы мәлімет жинақтау, сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу.
16. Ата-аналар комитетімен жұмыс
17. Жекелеген санаттағы оқушыларға көрсетілетін жәрдем, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, басшылық
18. Мектеп оқушыларының бос уақытын (демалыс, каникул, даталы күндер) тиімді ұйымдастыру іс-шараларын ұйымдастыру және басшылық
19. Мектеп тәлімгерінің , медбикесінің жұмысына басшылық жасау.
20. Мектептен тыс мекемелермен , ұйымдармен байланыс орнату.
21. Сыныптан тыс үйірме, клуб, секция жұмыстарының жүргізілуін қадағалау.
22. Сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастырылуын қадағалау және талдау.
23. Тәрбиеші-педагогтарға, ата-аналарға оқушылар белсенділеріне тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету.
24. Мұғалімдердің қол жеткізген табыстарын мектепте және аймақ көлемінде жарыққа шығаруды қамтамасыз етеді.
25. Сыныптан тыс жұмыстар, мектептің тәрбие сағатының жүргізілуін бақылау, әдістемелік көмек.
26. Кітапханашының жұмысын бақылау.
27. Мөлтек аудандар бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, көмек ұйымдастыру.
28. Оқушы күнделігінің жүргізілуі.

А. Қарсыбаев – АӘД ұйымдастырушысы

1. Мектепте әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастырады.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыстардың жоспарын әзірлеу және оның орындалуын қамтамасыз етеді.
3. АӘД-тың материалдық базасын дамыту және нығайту жабдықтар мен мүліктердің сақталуы, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша шаралар қолданады.
4. Төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге арналған практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді.
5. Азаматтық қорғаныс сабақтарын жүргізеді.
6. Шұғыл жағдайлардағы әрекеттер бойынша іс-шараларды жасайды. Қорғаныс ғимаратының дайындығын шұғыл жағдайларда азаматтық жеке құралдарымен қамтамасыз етеді.
7. Шақыруға дейінгі және шақыру жасындағы азаматтарды , жалпы білім беру базасында бастапқы әскери даярлық бағдарламаларын іске асыру.
8. Мектеп қызметкерлері мен оқушыларға төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздерін меңгерту.
9. Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері сабақтарын АӘД бағдарламасымен тығыз байланыстыру.
10. Сабақта оқушылардан берілген пәрмендерді саптағы тәсілдер мен іс қимылдарды дұрыс орындай білуге дағдыландыру.
11. Технология, дене шынықтыру , АӘД пәндерінің берілуін бақылау.
12. Технология, дене шынықтыру, АӘД пәндері кабинеттері мен алаңдарының жабдықталуын бақылау, әдістемелік көмек.
13. Таңертеңгілік жаттығулардың күнделікті жүргізілуін бақылау.
14. Әскери-спорттық жарыстар мен ойындардың өткізілуіне және оларға мектеп қызметкерлері мен оқушылардың қатысуын ұйымдастыру, басшылық.

Оқу - әдістемелік кеңес отырыстарында 2023-2024 оқу жылында оқылатын баяндамалар

Р/с	Отырыстың реті, тақырыбы	мерзімі	Оқылатын баяндама	Баяндамашы
1	Көпшілік саясаты- оқыту процесінде	Қыркүйек	1.Ағылшын тілін оқыту барысында сөйлеу дағдысын дамыту. 2.Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дайындау жолдары	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Математика пәнінің мұғалімі
2	Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді сабақ процесінде тиімді қолдану арқылы нәтиже жету жолдары	Қазан	1.Саралап оқыту технологиясын тарих сабағында қолдану 2.Инновациялық технологияларды қазақ тілі пәнінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру	Тарих пәнінің мұғалімі Қазақ тілі пәнінің мұғалімі
3	Шығармашылық ізденіс жұмыстары арқылы оқушылардың пінге қызығушылығын арттыру	Қараша	1. Оқушылардың ғылыми жобаларға қызығушылықтарын арттыру жолдары. Оқушылардың ғылыми жобаларға қызығушылықтарын арттыру жолдары. 2. Оқушыларды өнер және шығармашылық бағыттарға тарта отырып,бойларында ұлттық, тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыру. Оқушыларды өнер және шығармашылық бағыттарға тарта отырып,бойларында ұлттық, тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыру.	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Көркем еңбек пәнінің мұғалімі
4	Жас мамандардың кәсіби қиындықтарды шешу жолдары	Желтоқсан	1.Жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда тәлімгердің атқаратын міндеті. 2. Жас маманға қолдау жасау арқылы әдістемелік құзыреттілігінің дамуына көмек көрсету арқылы жас мамандардың кәсіби әлеуетін арттыру.	Орыс тілі пәнінің мұғалімі Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
5	Портфолио арқылы оқушыны жан-жақты зерттеу және бағалау	Қаңтар	Оқушы білімін жан-жақты тексеру қорытындысы	Комиссия мүшелері
6	Қолданбалы және таңдау курстары арқылы жүргізілетін бағдаралды дайындық шаралары	Ақпан	1.Қолданбалы курстар арқылы оқушылардың бiлiм сапасын арттыру жолдары. 2.Жаратылыстану-математикалық бағыт	Биология пәнінің мұғалімі Физика пәнінің мұғалімі

